

Елім менің-мақтанышым



Орындаған: КошEROVA С

Тәуелсіз елім

- Ата-бабаларымыз тәуелсіздікті үш ғасырға жуық уақыт бойы армандап кеткен. Тәуелсіздікке жету үшін халқымыздың басынан не өтпеді. Қаншама ерлеріміз халық қамы үшін қан кешіп құрбан болған. Азаттық қазақ халқының ежелгі арманы еді. Азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді, талай қиындықты бастан кешірді. Бірақ ешқашанда мойымады, күресе білді. Азаттық таңы ерте ме-кеш пе туатынына кәміл сенді.

- Иә , осындай қаншама азапты басынан кешкен қазақ халқымыздың азаттық , тәуелсіздік ежелгі армандары еді . Жыл өткен сайын мәңгі ұмытылмас мұң қалдырып тарих қойнауына сіңіп бара жатқан 86-жылдың 16 желтоқсаны қай қазақтың жүрегін сыздатпады , кімнің көңіліне жара салмады. Алматыда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің 18-минутқа созылған қысқа уақытта өткен пленум болды. Сол пленумда Республика компартиясы Орталық комитетінің 1-хатшысы , Қазақстанға 20 жылдай басшылық еткен Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевті қызметінен босатты. Оның орнына саяси бюроның шешімімен Григорий Колбинді сайлады. Бұл шешімге наразылығын білдірен жастар алаңға шықты.

- Осындай бірнеше ғасырға жалғасқан бостандық , Тәуелсіздік үшін күрескен қазақ халқының тілегі орындалып 1991 жылдың 16 желтоқсаны Тәуелсіздік күні болып тарихқа енді . Осындай сан ғасырлық тарихында қаншама бейнет көрсе де халқымыз ешқашанда мойымаған. Тәуелсіздік таңы атып , еліміздің қанаты жайылды , төбемізде туымыз желбіреп , өз Елтаңбамыз төрімізден орын алды. Тұңғыш өз Отанымыздың Елбасы сайланды. Ордабасы- Астана бой көтерді. Ата-бабамыздың сан ғасырлық арманына қол жеткізген тәуелсіздік таңын таразыласақ.



- 1991 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алған жылы» . 1 желтоқсанда Қазақ президенті сайланды. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы егеменді тәуелсіз мемлекет деп жарияланды. 1992 жылы « Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы» 2 наурызда Қазақстан Республикасы Біріккен ұлттар ұйымына мүше болды. 4 маусымда Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздері дүниеге келді. 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. 18 желтоқсанда президент Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге айналымға енгізілді. 1994 жылы «Халықаралық Отбасы жылы». Жоғарғы Кеңес пен маслихаттар сайлауы өтті. 25 қарашада екінші қазақ ғарышкері Т. Мұсабаевтың халықаралық экипажының «Союз ТМ-19» ғарышқа сапар шекті. 1995 жылы «Ұлы ақын абай» жылы. 25 қаңтарда Қазақстан ТМД-ға бейбітшілік пен тұрақтылық туралы бітімге қол қою жөнінде бастама көрсетті. 30 тамызда екінші рет тәуелсіз еліміздің Конституциясы қабылданды.

- 1991 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алған жылы» . 1 желтоқсанда Қазақ президенті сайланды. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы егеменді тәуелсіз мемлекет деп жарияланды. 1992 жылы « Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы» 2 наурызда Қазақстан Республикасы Біріккен ұлттар ұйымына мүше болды. 4 маусымда Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздері дүниеге келді. 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. 18 желтоқсанда президент Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге айналымға енгізілді. 1994 жылы «Халықаралық Отбасы жылы». Жоғарғы Кеңес пен маслихаттар сайлауы өтті. 25 қарашада екінші қазақ ғарышкері Т. Мұсабаевтың халықаралық экипажының «Союз ТМ-19» ғарышқа сапар шекті. 1995 жылы «Ұлы ақын абай» жылы. 25 қаңтарда Қазақстан ТМД-ға бейбітшілік пен тұрақтылық туралы бітімге қол қою жөнінде бастама көрсетті. 30 тамызда екінші рет тәуелсіз еліміздің Конституциясы қабылданды.

- 2001 жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы тойланды. 2002 жылы “Денсаулық жылы” 2003-2005 жылдар “Ауылды қолдау жылы” 2006 жыл Қазақстанда Пушкин жылы” . Сазгер Шәмші Қалдаяқовтың “Менің Қазақстаным” әні мемлекеттік әнұран болып қабылданды. 2007 жылы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың “Жаңа әлемдегі -жаңа Қазақстан» жолдауы жарияланды. 2008 жылы Астананың 10 жылдығы тойланды. 2009 жыл 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп , 4 желтоқсанда Астанамыз Елордада 54 елдің басын қосқан VII САММИТ өтілді. 2011 жылы қысқы Азия ойындарында Қазақстан қоржынына 70 медаль салынды. 3 сәуір Президенттік сайлау өтіліп нәтижесінде Н:Назарбаев жеңіске жетті. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы , желтоқсан оқиғасының 25 жылдығы.



**2012 жыл . Лондон олимпиядасында 13 медальға қол жеткіздік .
Әлемнің мемлекеттерінің ішінен 12 орынға ие болдық .**

Қазіргі уақытта еліміздің әлемдегі барлық ел таниды , танып қана қоймай еліміздің осы аздаған уақытты жеткен жетістіктеріне қызғанышпен қызыға қарайды.

Біз осындай тәуелсіз бірлігіміз жарасқан , бейбітшілік орнаған елдің ұрпағы болғанымызға мақтануымыз керек.





Тәуелсіздік – тәңірдің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізді білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде.

**Н. Ә. Назарбаев
28 қаңтар, 2011 ж., Ақорда**

Тәуелсіздігімізді алғалы осыншама жетістікке жеткеніміздің бірден –бір айғағы Елбасымыздың алға қойған мақсаттары мен жолдамалары. Елбасының биылғы жылғы тағы бір ерен жеңісі , Қазақстанның кезекті биік белесі: Астананың EXPO-17 халықаралық көрмесін өткізу. Бұл дүниежүзілік көрме өткізу арқылы еліміздің беделін тағы бір рет барша әлемге танытатын боламыз. Астана тағы да әлемнің 160 мемлекетінің бірауызды ықыласты қолдауына ие болды. Батыс пен шығыс өркениетін жалғастыратын алтын көпір атанған ару Астана өзінің тарих сахнасында салтанат құрған осы бір 15 жыл ғұмырының ішінде талай-талай аламан бәйгелерге ат қосып, талай жаһандық биіктерді бағындырды. Әлем жұрты дәл қазір Қазақстан десе –Астана , Астана десе – Назарбаев дейтін болды. Астана – бүкіл Қазақстан халқының мерейі мен мәртебесі. Алғашқы күннен мемлекеттік құрлымның керуен көшін түзу жолға салған президенттің көрегендігі елдік тұғырымызды шайқамай , өркендеудің озық үлгісі негізінде бүгінгі күнге жеткізді. Дүние жүзі қазақты таныды. Қазақстанды білді. Елім менің-мақтанышым.



EJIM.
MEHIM,